

*Бала және жасөспірімдердің
қылмыстары*

*Орындаған: Қадырова Аруна
ҚҚ 211*

Қылмысқа барған жасөспірімдердің қылмысқа баруының себептері және оған әсер ететін жағдайлар:

Қылмысқа барған жасөспірімдердің есейе келе, өздерінің жасаған қылмыстық әрекеттері үшін үлкен өкінішпен қарау жағдайы көп болып тұрады. Қылмысқа барған жасөспірімдердің қылмыстық әрекеті өмірде болып жатқан нақты жағдайларына тікелей байланысты емес. Ол белгілі бір ортаға кездейсоқ немесе жоспарланған түрде тамырлануы. Жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттерді көбінесе қалада жасауы, әлеуметтік тұрғыдан көптеген себептермен түсіндіріледі. Жасөспірімнің өзіне, қоғамда пайдалы іспен айналыспауынан уақыттың көптігі, ауылдық клубтың жабылуы, күні бойғы бос сандалыс, көше кезулер, қылмыстық әрекеттің алғы шарты бола алады. Осындай толып жатқан себептер жасөспірімнің таңғажайып оқиға жасауға ұмтылуына, болашақта істейтін қылмыстық әрекетке жоспар құруына немесе топтасып қылмыс істеуге жол ашады. Көбінесе жасөспірімдер бойынан, санасынан мықты орын алған қияли ойша жетіліп арманын іске асыратын не асыруға асығатын жасөспірімдер айналасындағыларды таң қалдыратындай етіп істеуге талпынады.

Қылмыс жасаған жасөспірімдер ісі жөніндегі комиссия мен милиция орындарында тәрбиені дұрыс жүргізбейтін жанұяны дер кезінде анықтап, тәртіпке шақырмаушылық көптеп кездесіп жатыр. Қылмысқа барған жасөспірімдерді қайта тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда психологтар жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін ескере білулері қажет. Себебі, қандай да бір психолог ықпалдар жасамасын, олар жасөспірімнің ішкі жан дүниесімен сабақтасып жатуы тиіс.

Қылмысқа барған жасөспірімдердің қылмыс жасаулары, көбінесе олардың ересектерге еліктеуімен анықталады да, жалпы қылмыстың өсіп отырғанын осымен байланыстырады.



Психологиялық фактор



□ Қылмысқа барған жасөспірімдерге топ құру, топ болып әрекет ету тән. Осындай жасөспірімдер ересек кісілермен салыстырғанда жалғыз өзі қылмыс жасауға өте сирек баратындығы практикалық тұрғыдан дәлелденген. Бұдан олардың өз-өзіне сенбеуі ғана емес, сонымен қатар олардың достық жөніндегі түсініктері теріс бағытқа ие болуына қарамастан, осындай достыққа ұмтылуын да байқауға болады.



□ Әр түрлі заман талабына сай ойын автоматтарына балалар қызығушылығын арттыруы, жеңіл ақша табу, егер ойын автоматтарынан ұтылса, үйінен ақша ұрлау немесе өзінен кіші балаларды ұру, оларға зорлық көрсету арқылы жасөспірімдер қалай қылмыс жолына түскенін білмей де қалады. Олар ата-анасын алдап ақша сұрау, үйдегі заттарды ұрлап сатуды кәсіп қылуы мүмкін. Бұлардың барлығы қылмыс жасаудың алғашқы қадамын білдіреді.



Жасөспірімдердің қылмыстық жолға түсуінің тағы бір себебі, олардың ішімдікке әуес болуы болып табылады. Жалпы ішімдікке әуестік жасөспірімді дұрыс жолдан тайдырып, қылмыстық әрекетке итермелейді. 13-14 жастағы жасөспірімдердің басым көпшілігінің талап – тілектері шектен шығып кеткендігі, олардың ішімдікке құмарлануынан көрінеді. Осыған байланысты А.Вайсберг – қылмыс істеп айыпталған жасөспірімдерді зерттей келе, олардың 41 – пайызы, қылмысты мас күйде істеген деген тұжырым жасайды.



Қазақстан Республикасында көптеген қылмыстар қылмысқа барған жасөспірімдердің қолымен іске аспаса да, орын алып өсіп отырғаны жөнінде тұжырым жасауға негіз береді. Шындығына келгенде, кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдердің көптеген қылмыстары құқық қорғау орындарына жетпейді, тіркелмейді, бұндай қылмыстық әрекеттердің әсерінен көптеген қылмыстық әрекеттер жазалаудан шет қалып, қылмыстың сандық жағынан азаюына алып келеді.

Кәмелетке жасы толмағандардың қылмысын салалық жағынан талдау маңызды орын алады. Осы тұрғыдан алсақ, жасы толмаған жасөспірімдердің қолымен іске асқан қылмыстарына кісі өлтіру, ұрып – соғу, зорлау, қорқытып алу, кісі тонау, адамды кепілдікке алу, бұзақылық, мүлікті ұрлау жататыны белгілі.

ҚР-ның ҚК-тің 81-бап. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері

1. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады.

2. Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Кейбір жасөспірімдер қылмысты жалғыз өзі белсенді түрде істеп жатады, бұл олардың өзінің қылмыстық әрекетіне дайындығын, қайсарлығын, аямаушылығын білдіреді. Бұл біріншіден, болашақта қоғамға жоғары қауіптілігін төндіретіндігін көрсететін болса, екіншіден, құқық орындары мен психологтардың жекелей жұмыс жасауын талап етеді. Көптеген қылмыстық істер көрсеткендей, ұрлық жасайтын жасөспірімдердің ұрлайтын заттары көбінесе ұсақ – түйек заттар болып келеді. Кейде олар ұрлаған заттарын қызығып алса, кейде саналы түрде алады. Кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдердің көп жасайтын ұрлық сияқты қылмысына қоса, соңғы кезде көп тараған тағы бір түрі – бұзақылық болып отыр.



Қазіргі таңда қылмыстық әрекеттердің, соның ішінде жасөспірімдердің арасындағы қылмыстық әрекеттердің көбеюі, қылмыстың алдын – алу шараларын қолдануды талап етеді.

Қылмыстық әрекетінің алдын алу дегеніміз – олардың заңмен қақтығысуына жол бермеу, оны тұлға ретінде жағымды етіп қалыптастыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді анықтау, сонымен бірге қылмысқа барған жасөспірімдердің заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғуын болдырмау үшін құқықтық және психологиялық ықпалдарды қолдану сияқты негізгі мақсаттардан тұратын ұйымдасқан процесс.

Бүгінгі таңда қылмысқа барған жасөспірімдер арасында педагогикалық тұрғыдан қараусыздық, жасөспірім бойында қоғамға қарсы қажеттіліктердің туындауына, достық, борыш, абырой сияқты түсініктерінің бұрмалауына себепші болады. Олардың енді қалыптасып келе жатқан рухани, эстетикалық және танымдық қажеттіліктері деформациялана бастайды.

- Ішкі қажеттілік бойынша психологиялық және
- педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған
- жасөспірімдерді мынадай 4 топқа бөлуге болады
 - тентек немесе ерке жасөспірімдер**
 - отбасы тарапынан шеттетіліп, көзтүрткі көрген жасөспірімдер**
 - қараусыз қалған жасөспірімдер**
 - жат әрекеттердің тұрақты ықпалындағы және ересектердің құқыққа қарсы талаптарының әсеріндегі жасөспірімдер**

Қылмысқа барған жасөспірімінің стихиялы түрде өзін – өзі тәрбиелеуі, сана – сезімнің төмендеуін тудырады, сөйтіп белгілі бір деңгейде қылмыскер тұлғасының қалыптасуына себепші болады және оны түзеуге бөгет жасайды.

Ал қылмысқа барған жасөспірімнің саналы позитивті түрде өзін – өзі тәрбиелеуі дегеніміз – өмірде алға қойған мақсатына қол жеткізу, әрі жоғары деңгейде әрекет етуге дайын болу қабілеттігі мен қасиеттерін, моральдық және физикалық күштерін, ақыл – ойын дамыту үшін ерікті, белсенді түрде әрекет ету процесі болып табылады.



ҚЫЛМЫС – қоғамға қауіпті әрекет
/іс-әрекет немесе әрекетсіздік/